

"Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 131 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 290 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

"Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат; № 21, 265-құжат; 2005 ж., № 29, 362-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат; 2009 ж., № 34, 321-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, оның ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де басшы лауазымды адамдардың тізбесінде:

мына:

"

Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері	Президент		тиісінше Астана және Алматы қалаларының, облыстардың мәслихаттары
--	-----------	--	---

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Астана және Алматы қалаларының, облыстардың тексеру	тиісінше Астана және Алматы қалаларының,	тиісінше Астана және Алматы қалаларының, облыстардың	Әкімшілік Басшысы
---	--	--	-------------------

комиссияларының төрағалары	облыстардың мәслихаттары	мәслихаттарының хатшылары	
-------------------------------	-----------------------------	------------------------------	--

";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілерін және өзге де лауазымды тұлғаларын келісу, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Астана және Алматы қалаларының, облыстардың тексеру комиссияларының төрағалары жөнінде - Астана және Алматы қалаларының, облыстардың мәслихаттарының хатшылары;"

23-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдерінің орынбасарлары, әкімдері аппараттарының басшылары; Астана және Алматы қалаларының, облыстардың тексеру комиссияларының төрағалары; облыстар аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері, қалалардағы аудандардың әкімдері; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аумақтық органдарының басшылары - тәртіптік кеңестер төрағалары."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев